



Қаламгер шығармасы Ресейде үздік танылды

Белгілі жазушы, дарынды драматург, жерлесіміз Жолтай Әлмашұлы Ресей Федерациясының «Золотое ПероРуси» ұлттық әдеби сыйлығының биылғы жылы «Бисер Киров» атындағы күміс сыйлығының иегері атанды.



ҚАЛАМГЕР ШЫҒАРМАСЫ
РЕСЕЙДЕ ҮЗДІК ТАНЫЛДЫ

Ұлттық әдеби байқауға дүние жүзінің қаламгерлері шығармаларымен қатыса алады. Биылғы жылы да көп шығарма түсіп, сараланды.

Міне, солардың арасынан қазақ қаламгерінің «Вечная элегия» атты орыс тіліндегі әңгімелер жинағы «Руханият» номинациясы бойынша ерекше аталып өтіп, күміс жүлдегер атанды.

Мұны тек қана қарымды қаламгердің шығармашылық жетістігі емес, бүкіл ұлт әдебиетінің мәртебесі деп атаған орынды болар.

Соңғы жылдары шығармашылықмен халық құрметіне бөленіп жүрген жерлес қаламгерді халықаралық марапатқа ие болуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ерубай ҚАЛДЫБЕК
12 қазан 2019 ж.